тұқым сыныбы	класс семян
тұқым сіңіру	заделка семян
тұқым тазалығы	чистота семян
тұқым шаруашылығы	семеноводство
тұқым шаруашылығы жүйесі	система семеноводства
тұқымаралық будандастыру	межродовое скрещивание
тұқымдас	семейство
тұқымды ауамен қанықтыру	барботирование
тұқымды бөктіру	намачивание семян
тұқымды бөліп алу	выемка семян
тұқымды дәлдеп сепкіш	сеялка точного высева
тұқымды дәрілеу	протравливание семян
тұқымды егу алдында өңдеу	предпосевная обработка семян
тұқымды қалыптастыру	репродукция семян
тұқымды қыздыру	обогрев семян
тұқымды сіңіру тереңдігі	глубина заделки семян
тұқымды тазарту	очистка семян
тұқымды шырпу	вырезка шипа
тұқымды іріктеу	калибровка (сортировка) семян
тұқымдық аталық мал	производитель (в животноводстве)
тұқымдық қошқар	баран-производитель
тұқымдық сүрекдің	семенной древостой
тұқымжегі (жәндік)	семяеды
тұқымның зақымдалуы	травмирование семян
тұқымның зенденуі	плесневение семян
тұқымның қалқушылығы	парусность семян
тұқымның себуте жарамдылығы	годность семян к посеву
тұқымның семуі, тұқымның солғындығы	щуплость семян

тұқымның тегі	происхождение семян
тұқымның тынығу кезеңі	период покоя семян
тұқымның ұзақ өспеуі	глубокий покой семян
тұқымның шығымдылығы	выход семян
тұқымның ірілігі	крупность семян
тұқымсағақ	семяножка
тұқымсыз жеміс	бессемянные плоды
тұқымтану	семеноведение
тұқырту	прищипка
тұлға, дене	туловище
тұлық (шөре-шөре)	личинка муравьиного льва
тұлым (жүн, т.б.)	локон
тұлып; қарақша	чучело
тұмау	грипп; насморк
тұмса бұзаулаған, алғаш бұзаулаған мал	первотелка
тұмсық	морда
тұмылдырық	респиратор
тұмылдырық; жүгеннің кеңсіріктігі; томаға	намордник
түн көбелегі	совка ночница
түнба	настой; осадок
түнба ұстағыш	илоуловитель
түндырғыш ыдыс	бак отстойник
түндырма	настойка
түндыру	осветлить
түншығу	асфикция
түншығу, буыну	задушение
түншықтыру әдісі	метод удушения
түңғиық	крутень
тұрақ	стоянка
тұрақсыз азот	подвижный азот
тұрақты қойма	стационарное хранилище
тұрақты ток	постоянный ток
тұрақтылық	устойчивость
тұрқы (техн.)	корпус
тұрымтай (күс)	дербник
тұсақ қой	перевоярка, ярка в возрасте 2-х лет
тұсау (жіп); тұсамыс	путы



тұт ағашы	шелковица
тұт кобелек, жібек кобелек	тутовый шелкопряд
тұтамдап сауу	доение кулаком
тұтандыру пілтесі	запальная свеча
тұтас себу	сплошной сев
тұтасқан қара топырақ	слитые черноземы
тұтасқан топырақ	слитые почвы
тұтқалы басқару	рулевое управление
тұтқыр дәрі	вяжущие средства
тұтқыр үйкеліс	вязкое трение
тұтқыш, ұстағыш	уловитель
тұту	адсорбция
тұтылатын заттар	адсорбируемые вещества
тұщы су	пресная вода
тұщытқылауыш (техн.)	опреснитель
тұяқ	копыто
тұяқ жұлығы	венчик копыта
тұяқ, тырнақ; шеңгел (күста)	коготь
түбін кому	окучивание
түбір ақысы	корневая плата
түбір сүрегі	пневая древесина
түбірлерді қазып алу	вычесывание корней
түбіт жүн	подшерсток
түбіт тарау	ческа пуха
түгендеу, мұкаммалдау	инвентаризация
түзеткіш	выпрямитель
түзету	правка
түзу қанаттылар	прямокрылые
түйгіш келі	толчея
түйгіштеуіш	долбляк
түйе	верблюд
түйе еті	верблюжатина
түйе шаруашылығы	верблюдоводство
түйежапырақ, шоңайна	лопух, репейник
түйеқұс	страус
түйесіңір (өсімдік)	курчавка
түйетікен	татарник; чертополох
түйешырмауық	ластовень
түйеші	верблюдовод
түйнекті арамшөптер	сорняки клубневые

түйін	завязь
түйін бактерия	клубеньковая бактерия
түйін тұтқыш	узлоуловитель
түйіндеуіш	узловязатель
түйір, түйіршік	гранула; крупинка
түйіршіктелген мал азығы	гранулированные корма
түйіршіктелген тыңайтқыш	гранулированные удобрения
түйіршіктілік	зернистость
түк	волосок
түлеткі	шелушитель
түлкі	лиса
түлкікүйрек, мысықкүйрек (өсімдік)	лисохвост
түп	днище
түптену	кущение
түр тармағы	подвид
түр түзу үдерісі	формообразовательный процесс
тұраралық будандастыру	межвидовое скрещивание
түрдің тегі, түрдің пайда болуы	происхождение видов
түрен	лемех
түрендердің мұқалуы	затупление лемехов
түрке балық	омуль
түрлендіргіш	преобразователь
түрлендіргіш құрылғы	трансформатор
түрлендіру	модификация
түрлі жемісті	разноплодный
түрлік отау	видовая прополка
түрпі	рашпиль
түрпі егеу	драчевка
түсті қабық	радужная оболочка
түсім	намолоть
түсімділік, өнімділік	урожайность
түсіргіш құрылғы	выгрузное устройство
түткіш машина	трепальная машина
түту	мочалить
түтігу, тотығу; күнге кую; кер (маралдың түсі)	загар
түтік жіберу, зондтау	зондировать

түтіктену, сабақтану  
 түтіктеніп өсу  
 түтіктеп суару  
 түтікті бактериоз  
 түтікше  
 түтікше су қашыртқы  
 түтіндеткіш  
 тығыз отырғызу  
 тығыздағыш  
 тығыздама  
 тығыздап сепкіш  
 тығыздық өлшеуіш  
 тығын  
 тығындау  
 тыққылауыш  
 тықыр тері  
 тынжытас (қуықта пайда  
 болатын тас)  
 тыныс алу мүшесі  
 тыныс орталығы  
 тыныштандырғыш  
 тың және тыңайған жерлерді  
 игеру  
 тың жер  
 тың қыртысы  
 тың топырақ  
 тыңайған жер  
 тыңайта суландыру  
 тыңайтқыш бөлгіш  
 тыңайтқыш қолдану жүйесі  
 тыңайтқыш өткізгіш  
 тыңайтқыш сепкіш  
 тыңайтқыш сепкіш құрал  
 тыңайтқыштарды қолдану  
 тырбық бидай  
 тырма  
 тырмалау  
 тырна

трубкование, выход в трубку  
 выход в трубку  
 трубочный полив  
 сосудистый бактериоз  
 трубка  
 сифонный водосброс  
 фумигатор  
 уплотненная посадка  
 уплотнитель  
 набивка  
 прессовая сеялка  
 плотномер  
 пробка  
 укупорка  
 набиватель  
 голяк  
 мочевого камень  
 орган дыхания  
 центр дыхания  
 успокоитель  
 освоение целинных и  
 залежных земель  
 целина  
 пласт целины  
 целинные почвы  
 залежь  
 удобрительное орошение  
 тукоделитель  
 система применения  
 удобрений  
 тукопровод  
 туковая сеялка  
 туковысевающий аппарат  
 применение удобрений  
 карликовая пшеница  
 борона; грабли  
 сгребание  
 красавка

тырна балапаны	журавленок
тырнақ, түяк	когти
тырнау, тырналу	царапание
тыртық	шрам
тырысып-бүрісу, құрысу	судорога
тышқан	мышь
тышқан қақпаны, төпі	мышеловка
тышқаншылап қазу	кротование
тізбекқұлақ, көшетатыз	цепочные чеки
тізгінше, қарғыбау;	поводок
жетектеуіш	
тізе игудасы	галифе верблюда
тізе; иін (техн.); буын; бунақ	колено
тізеқап	наколенник
тік жар	круча
тік мүйізді	круторогий
тік ішек	прямая кишка
тік ішек арқылы зерттеу	ректальное исследование
тікелей орып жинау	прямое комбайнирование
тікенбас құрттар	скребни
тікенді	терновый
тікенді гүл, кактус	кактус
тікенек	колючка; шип
тікпе көшет	саженец
тікпе қазық	посадочный кол
тіктеме	отвес
тіл	язык
тіл бүртіктері	сосочки языка, состав языка
тілерсек; сирақ	голень
тілшік	язычок
тілім	пластина
тін	жила
тін, шелқабық (өсімдікте)	луб
тірек	опора; устой
тірек сырық	подпора, чаталы
тірек, таяныш	упор
тіреу	стойка
тіркемеші	прицепщик
тіркеу құрылғысы	прицепное устройство

тірсек  
 тіршілік ету, өмір сүру, күн  
 көру  
 тіршілік кезеңі, өсіп-даму  
 кезеңі  
 тіршілік кезеңінде суару  
 тіршілік оралымы  
 тіршілік ортасы  
 тірі жәндік  
 тірідей салмағы  
 тіс жару, тіс шығу  
 тіс кіреукесі  
 тіс пішіні  
 тісеу  
 тістеу, қабу; шағу; қыркып  
 алу (сайманмен)  
 тістеуік (аспап)  
 тістеуік (ат, т.б); қабаған (ит)  
 тісті жұптар  
 тісті қосылыс  
 тісті тәж  
 тіше

заплюсна  
 существование  
 вегетационный период  
 вегетационный полив  
 жизненный цикл  
 среда обитания  
 живое существо  
 живая масса  
 прорезывание зуба  
 зубная эмаль  
 профиль зуба  
 смена зубов  
 кусать

кусачки  
 кусака  
 зубчатые пары  
 зубчатое соединение  
 зубчатый венец  
 зубец

## у

у  
 у қайтарма (дәрі)  
 у, улы зат  
 уақ дән  
 уақтылы өскен өркен  
 уқалау, сылау  
 уқорғасын, бәрпе, күшалашөп  
 (өсімдік); балуан, күрескер  
 улану  
 улау  
 улау; дөрілеу (дәнді); ит қосу,  
 айтақтау  
 улы  
 улы арамшөптер  
 улы өсімдік

## у

яд  
 противоядие  
 токсин  
 мелкозернистое зерно  
 нормальный побег  
 массаж  
 борец  
 отравление, интоксикация  
 дезинсекция  
 затравить  
 ядовитый  
 ядовитые сорняки  
 ядовитое растение

улы саңырауқұлақ; сұқсыр  
үйрек

унитол (уланғанға қарсы  
қолданылатын дәрі)

уыз

уылдырық

уытқайырғыштар,  
уытжойғыштар

уытсыз ісік

уытсыздандыру

уыттылық

поганка

унитол

молозиво

икра

антитоксины

аденома

дезинфекция

вирулентность

## Ү

ұзақ

ұзақ ұйқы (жануарларда)

ұзартқыш

ұзын сүргі

ұйқы безі

ұйығу, мауығу

ұйыма

ұйымдастыру техникасы

ұйытқыштар

ұйытқы; іріткі

ұластыру

ұлар (күс)

ұлтабар (анат.)

ұлтабар құрты

ұлтан

ұлу

ұма, ен

ұн қоспасы

ұнамды тип

ұнжемір

ұңғы

ұңғылау

ұра

ұра, бұлтық

ұрғашы бұзау

грач

спячка

удлинитель

фуганок

поджелудочная железа

гон

калье

оргтехника

коагулянты

закваска

аблактировка

улар

сычуг

гемонхоз

подошва

улитка

мошонка

мучная смесь

желательный тип

мукоед

зенкер; вруб

зенкование

завальная яма

нарост

телочка

ұрғашы қаз	гусыня
ұрғашы қодас	буйволица
ұрғашы қозы	ярочка
ұрғашы қой, ұрғашы тоқты	овечка
ұрғашы қоян	зайчиха; крольчиха, кроликоматка
ұрғашы құр	тетерка
ұрғашы мал	самка
ұрғашы тоқты; тұсақ қой	ярка
ұштаған; абақ	штатив
ұрпақ	потомство
ұрпақ бүршігі, гүл бүршігі	генеративная почка, цветная почка
ұрпақсыз өркен	вегетационный побег, бесплодный побег
ұрпақты өркен	генеративный побег, плодный побег
ұршық	веретено
ұршық буын	тазобедренный сустав
ұршық сүйек (анат.)	коленная часть
ұршықбас (анат.)	вертлюг
ұрық	зародыш, эмбрион
ұрық жолы	яйцевод
ұрық тамыршасы	зародышевый корень
ұрықсыз аналогтер	стерильные аналоги
ұрықсыздандыру	обеспложивание
ұрықтандыру	осеменение
ұрықты аналогтер	фертильные аналоги
ұрықтық	фертильность
ұсақ кесекті топырақ	мелкокомковатая структура
ұсақ топырақ	мелкозем
ұсақтағыш, ұнтақтауыш	измельчитель
ұсақталған тас, яки кірпіш	щебень
ұста	кузнец
ұстап байқау; қармалау	щупать
ұстап қарау	ощупать
ұстахана	кузница
ұтымды басқару	оптимальное управление
ұша	туша

ұша ұйту  
 ұшаны бөлу  
 ұшар (аң)  
 ұшқат  
 ұшқын сөндіргіш  
 ұшқындатқыш  
 ұшқынтұтқыш  
 ұшпа жеміс  
 ұштама  
 ұштық  
 ұя  
 ұя; үкі (мұздың кішкене  
 ойылған жері)  
 ұяқазғыш (техн.)  
 ұялап себу

ұялап себу тәсілі  
 ұялап тұқым сепкіш  
 ұялас балапан  
 ұяң жүнді кой

опаливание тушек  
 разрубка туш  
 летяга  
 жимолость  
 искрогаситель  
 искрообразователь  
 искроуловитель  
 летучка  
 фаска  
 наконечник  
 гнездо  
 лунка  
  
 лункокопатель  
 гнездовой посев; луночный  
 сев  
 гнездовой способ посева  
 гнездовая сеялка  
 выводок  
 полугрубошерстная овца

## Ү

үдеткіш  
 үдеу  
 үзенгі; қатты ағын (өзенде)  
 үзілу  
 үй жануарлары  
 үйбидайық  
 үйеңкі  
 үйкеліс  
 үйкеліс берілісі  
 үйлестіру  
 үймелеуіш  
 үйрек балапаны  
 үйрек еті  
 үйрек шаруашылығы  
 үйінді

ускоритель  
 ускорение  
 стремя  
 разрыв  
 домашние животные  
 плевел; райграс  
 клен  
 трение  
 фрикционная передача  
 унификация  
 буртоукладчик  
 утенок  
 утятина  
 утководство  
 насыпь



үйір, бір үйір жылқы; шоғырланған балық тобы; жақтау (есік, терезенің жақтау ағашы)	косяк
үйірде шағылыстыру	косячная случка
үккіш	терка
үкі	филин
үлбір	мех
үлгі өлшем	эталон
үлгі, нобай	модель
үлгілі аспап	образцовый прибор
үлдірік	этажерка
үлестіргіш	раздатчик; распределитель
үлкен балға	молот
үлкен қарын	требуха
үлкен қарын; тыртық	рубец
үлкен қосаяқ	большой земляной заяц
үлкен ми	большой мозг
үлкен шарбы	большой сальник
үлпершек (анат.)	околосердечная сумка
үнемдеу	экономить
үнемділік	экономичность
үңги жырту	плантажная вспашка
үңгіқоңыздар	точильщики
үрлеу	наддув
үрлеу, үрлеп тазарту	продувка
үрме бүршак	фасоль
үрмебүршак қоңызы	фасолевая зерновка
үрпі (техн.)	жиклер
үру, арсылдау	лай
үстеме дақыл	подсевная культура
үстеме жүктеуіш	догрузатель
үстемелеу	присадка
үстіртін шайылу	поверхностный смыв
үсік, үсік шалу	заморозок
үш қабаттап өндеу	трехярусная обработка
үш қырлы сына	трехгранный клин
үштік	тройник
үю	обсыпка

## Ф

фермерлік шаруашылық

фермерское хозяйство

## Х

хауыз, әуіт, алап

бассейн

хирургия

хирургия

хлорлы әк

хлорная известь

хордасыз жәндіктер

бесхордовые

хош иіс

аромат

## Ц

цементтеу

цементация

циклон

циклон

цитрусты дақылдар

цитрусовые культуры

## Ш

шабақ

слепушка

шабақ (техн.)

спица

шабандоз

жокей

шабандоз, шаншар (ұсақ  
жәндік)

наездник

шабдалы

персик

шабу кезі (егінді, пішенді)

косовица

шабықтау

шаровка

шабықтау; кетпендеу

мотыжение

(кетпенмен, шотпен жерді  
әндеу)шабындық (тегістікте),  
шалғын (тауда)

луг

шабындық кара топырақ

луговые черноземы

шабындықты дақыл

поукосная культура

шағала

чайка

шаған

ясень

шағылыс жасы

случной возраст

шағылыстыру, будандастыру

скрещивание

шағылысу айналымы

половой цикл

шағылысу

половой акт

шағын алқап

малоземельные участка

шағын мотор	движок
шағын тоғай	подлесок
шағыр (осімдік)	бадан
шажырқай (анат.)	брыжейка
шай	чай
шай алқабы	чайная плантация
шай жапырағы	чайный лист
шай өсіруші	чаевод
шайқау	взбалтывание
шайқурай	зверобой
шайылу шұңқыры	размывная яма
шайынды қабат	горизонт вымывания
шайынды топырақ	намытые почвы
шайыр	гумми; камедь
шайыр ағу кеселі	камедетечение, гаммоз
шайыр алу (дайындау)	добыча (заготовка) живицы
шақ, сәт, кезең	фаза
шақай (техн.)	башмак
шақпа шыбын	жигалка
шақтау, қалыптастыру, қиюластыру	пригонка
шақтық кезең	возрастные периоды
шақылдақ (тышқан); шиқылдақ торғай	пищуха
шала сойдиган бұтақтар	полускелетные ветви
шалғайдағы мал шаруашылығы	отгонное животноводство
шалған, шалғам	редис, редиска
шалғы	коса; косилка (техн.)
шалғы сабы	окосье
шалғы сап	косовище
шалғындандыру	залужение
шалғындық атқонак	луговая тимофеевка
шала кесу	недоруб
шала сүрі жер	полупар
шала тиеу, кем тиеу, жүгі толмау	недогрузка
шала туған	недоносок, недоношенный
шалдыққыштық	восприимчивость
шалма тәрізді	чалмовидный

шалшық	лужа
шамшатты орман	буковый лес
шанақ	бункер; кузов
шанақтау	бутанизация
шандыр (анат.)	фасция
шаншу; өлітию, шанышқак (ауру)	колики
шанышу, түйреу; шогірлеу (малдың табанына шөгір кіру)	укол
шаңайырғыш	пылеотделитель
шаңбак (техн.)	крестовина
шаңды дауыл	пыльная буря
шаңжигыш	пыльник
шаңқан (боз), ақбоз (жылқының түсі)	белая масть
шаңқан көбелегі	златогузка
шаңқыл	клетот
шаңтұтқыш	пылеулавливатель
шап; қолтық (анат.)	пах
шап айыл	подбрюшник
шап жарығы	паховая грыжа
шапқы (кетпен)	тяпка
шапқы, темірқашау	зубило
шап-үма жарығы	пахово-мошоночная грыжа
шаппа	рубильник; триггер
шаппа, тиек, тәтекі (техн.)	собачка
шаппалық	храповик
шаппалық доңғалақ	храповое колесо
шар, қайрақ	точило, точилка
шарғы, орауыш	катушка
шарап жасау	виноделие
шарбы; май ұстағыш, шайлық	сальник
шаруа қожалығы	крестьянское хозяйство
шаруашылық жүргізу жүйесі	система ведения хозяйства
шаршы ұялап себу	квадратно-гнездовой посев
шаршы ұялап сепкіш	квадратно-гнездовая сеялка
шаршылап отырғызу	квадратная посадка
шат биті	лобковая вошь (плащица)

шатқал	ущелье
шатқал, жыныс	чаща
шатыр	крыша
шатыраш	шалфей
шауып кету	ускакать
шахин	сокол-кречет
шахмат тәріздеп егу	шахматный посев
шахмат тәріздеп орналастыру	шахматное размещение
шахталы су қашыртқы	шахтный водосброс
шашақ қанаттылар	бахромчатокрылые
шашақ тамырлы арамшөптер	мочковатокорневые сорняки
шашақ ши	чий лисий
шашақап (жылқыда)	напятник
шашақгүл; қолдың басы, білек буындары	кисть
шашақты зағыр, май зығыр	лен-кудряш
шашақты-тамырлы арамшөптер	корнемочковые сорняки
шашқыш	разбрасыватель
шашып себу	разбросный посев
шашып сепкіш құрал	разбросный высеваящий аппарат
шашыратқы (өсімдік)	цикорий
шашырату	разбрызгивание
шаян	скорпион
шаян; қатерлі ісік, кесел	рак
шәңкіш	калина
шәует, шәуһат	сперма
шәует шығару (жолы)	семявыносящий
шебер	мастер
шеге суыргыш	гвоздодер
шеген құдық	шахтный колодец
шегіргүл	фиалка, виола
шегірткеші, тентек құс	козодой
шегіршін	вяз
шежіре, үрім-бұтақ	родословное дерево
шек	чек
шектеулі жүктеу	допустимая нагрузка
шектеуіш	ограничитель

шекті жылдамдық	критическая скорость
шекті күш	критическая сила
шекшек	кузнечик
шекілдеуіктер (алма, долана, т.б.)	семечковые
шекілдеуікті дақылдар	семечковые культуры
шекіп басу	петушиный ход
шелдену	ожирение
шелдеу (шелін айыру)	мездрить
шелқабық шірігі	заболонная гниль
шелқабықша	лыко
шелі майы, тері майы	кожное сало
шемен тас	конгломерат
шемен, бөсір	асцит; водянка
шеміршек	хрящ
шеміршек тіс	кожные зубы
шере тактай	фанера
шеру	ездка
шетен	рябина
шетен қора	стойло
ши (өсімдік)	чий
шие	вишня
шие бізтүмсығы	вишневый слоник
шиебөрі	шакал; красный волк
шиен	лоза
шиқан	фурункул
шиқыл	писк
шиқылдақ (өсімдік)	юнона
шилен	унаби
шипалы	целебный
шитті зығыр	лен-сырец
шитті мақта	хлопок-сырец
шиыршық	спираль
шоғырлану	концентрация
шоғырмақ	клуша
шой балға	кувалда
шойын	чугун
шоқ бүршікті бұтақша	букетная ветка
шоқ тоғай	роща

шоқа шпірігі	кагатная гниль
шоқтанып ону, ұлғайып өсу, шоқтанып көбею	разрастание
шоқтық	холка
шоқу	клевать; наклевать
шоқыту, шоқырақтау	галоп
шолактүрен, шым аударғыш	предплужник
шомыр	редька, репа
шомырдың ақ көбелегі	белянка редьки
шомырт	терн, терновник
шопан, қойшы	чабан
шорбуын, шораяқ	анкилоз
шорсүйек	накостница
шортан	щука
шот	цапка
шошқа	свинья
шошқа қора	свинарник
шошқа өсіруші	свинар, свинарка
шошқа тілмесі	рожа свиней
шошқа шаруашылығы	свиноводство
шоғу	осадка; усадка
шоғу аймағы	зона оседания
шөгінді	сапропель
шөгінді жыныстар	осадочные породы
шөгінді саз топырақ	осадочная глина
шөгінді топырақ	аллювиальные почвы
шөгінділер	отложение
шөже тауық	куренок
шөл	пустыня
шөлге айналу	опустынивание
шолді аймақ	пустынная зона
шөлейт	полупустыня
шөлейт аймақ	полупустынная зона
шөмеле тасығыш	копновоз
шөмелелегіш	подборщик-копнитель
шөмелелегіштің бүйірі	боковина копнителя
шөмелелерді сүйреткілеп тасу, сүйреткілеу, сүйреп тасу	сволакивание копен
шөмелелеу, маялау	стогование
шөмелелеу, шөмеле салу	копнение

шөмелелеуіш	копнитель
шөміш, ожау	ковш
шөмішті тиегіш	ковшовый погрузчик
шөншік	выросток
шөп танапты ауыспалы егіс	травопольный севооборот
шөп шабу агрегаты	косилочный агрегат
шөп шапқыш машина, кәселке	косилка
шөпқоректілер	травоядные
шөптесіндік жамылғы	растительный покров
шөпті дегдіту	вяление травы
шөпшай, салаубас (өсімдік)	бессмертник
шөп-шалаң	рдест
шорке, кесек отын	поленья
шөтке; шаша	щетка
шпиндель (техн.)	шпиндель
шу	шум
шу (анат.)	послед
шу өлшегіш	шумомер
шу түспеу	задержание последа
шу, қағанак, жолдасы	плацента, послед
шуда	верблюжья грива
шұбар (жылқының түсі)	чубарая масть
шұлғау	портянка
шұңқыр қазғыш	ямокопатель
шұра (техн.)	вентиль
шүйде	затылочный гребень
шүйделік	затыльник
шүйке	клок
шүйілгіш кептер	турман
шүмек	кран
шүрегей (күс)	чирок
шыбық	чубук
шыбыртқы	бич
шыбыш	годовалая козочка
шыбышша	козочка в возрасте 10—11 месяцев
шыбышық	козочка в возрасте старше 1 года
шығару қақпағы	выпускной клапан



шығару терезесі	выбросное окно
шығынды	выделение
шығыр	блок; ворот; лебедка
шығыршық	ролик
шығыс текесақалы	восточная додарция
шыжың	цистит
шыжың (ауру)	мочеуздурение
шықшылдақтар тұқымдасы	росянковые
шықшыт безі	подчелюстная железа
шылбыр	чембур
шым	дернина, дерн
шымдану	одернение
шымды қабат	дерновый горизонт
шымтезек	торф
шымтезекті тыңайтқыш	торфяное удобрение
шымшуыр, қышқаш	щипцы
шымшып сауу	доение щипком
шынар (ағаш)	чинар, чинара
шынжыр	цепь
шынжыр арқан	цепной канат
шынжыр табанды жүргізгіш	гусеничный двигатель
шынтақ	локоть
шынтақ буын	локтевой сустав
шынтақ сүйек	локтевая кость
шынтаққап	намышник
шыпылдақторғай	трещуха
шырақ қоңыз	жук светлячок
шырғанак	облепиха
шырмауық өсімдік	вьющееся растение
шырпу	обрезка
шырпу тәсілдері	приемы обрезки
шырша	елка
шырықшөп	сивец
шырын	нектар
шырын ағызу	осмолоподсочка
шырынды өсімдік	медоносное растение
шырышты бактериоз	слизистый бактериоз
шытыр (өсімдік)	бурачок; лепталеум
шытырлауық	трещетка

шытыршық  
шірік  
шірік азоты

байда; вайда  
гниль  
азот перегноя

## Ы

ығысу  
ыдырамайтын қалдық  
ыдырау  
ыза суы  
ыза суы ағыны  
ыза суы деңгейі  
ыза суының айнасы  
ызат су  
ызбот (бойдақ шошқа; азбан  
шошқа)  
ықпалдасу  
ықтасындық екпе ағаш  
ықтырма  
ықтырма дақылдар  
ықтырма сепкіш  
ықтырмааралық  
ықтырмалы егіс  
ықтырмалы сүрі жер  
ықшам аспап  
ылғал бөлгіш  
ылғал жабу, ылғал сақтау  
ылғал жию  
ылғал өлшеуіш  
ылғал сақтағыш екпе ағаш  
  
ылғал сақтау  
ылғал сүйгіш, су сүйгіш  
ылғал тапшылығы  
ылғал шығыны  
ылғалдандыру  
ылғандандыру қабаты  
ылғалдандыру мөлшері  
ылғалдың сіңімділігі

сдвиг  
негидролизуемый осадок  
диспергирование  
грунтовые воды  
грунтовый поток  
уровень грунтовых вод  
зеркало грунтовых вод  
верховодка  
боров  
  
интеграция  
затишковые насаждения  
кулисы  
кулисные культуры  
кулисная сеялка  
межкулисный  
кулисные посевы  
кулисный пар  
портативный прибор  
лагоотделитель  
закрытие влаги  
лагонакопление  
лагомер  
водоохранные лесные  
насаждения  
задержание влаги  
гигрофилл  
дефицит влажности  
расход влаги  
увлажнение  
увлажнительный слой  
нормы увлажнения  
доступность влаги

ыргай  
ысқылау, үйкеу  
ыстау, қақтау  
ысылдақ үйрек  
ысырап олшеуіш  
ысырма  
ысырма, сүйретпе

із кескіш  
із салғыш  
ізсалғы  
ізіне түсу (аң аулауда)  
ілгек  
ілгек бұранда  
ілгерілемелі қозғалыс  
ілгіш; қармақ  
ілгішек  
ілініс  
індет қоздырғыш көзі

індет жағдайының шиеленісуі  
індет жайлау

індет ошағы  
індет тізбегі  
індетті құрттар  
індеттің тарау үдерісі  
інжу  
інжір  
іңген, аруана  
іңгенше  
іңгеншік

ірі азық

ірі бедер

ірі кесекті топырақ

кизильник  
притирка  
копчение  
мускусные утки  
расходомер  
задвижка  
волокуша

## І

следоуказатель  
маркер  
следообразователь  
тропление  
крюк  
рым-болт  
поступательное движение  
крючок  
защелка  
зацепление; сцепление  
источник возбудителя  
инфекции  
напряженность  
эпизоотической ситуации  
энзоотичность  
эпизоотический очаг  
эпизоотическая цепь  
гельменты  
эпизоотический процесс  
жемчуг  
фиговое дерево, инжир  
одногогорбая верблюдица в  
возрасте 5 лет  
верблюдица бактриана старше  
в возрасте 3-х лет  
верблюдица бактриана в  
возрасте старше 2-х лет  
грубые корма  
макрорельеф  
крупноглыбистая структура

ірі қара шаруашылығы	скотоводство
ірі қара, сиыр малы	крупный рогатый скот
ірі түйіршіктер	макроагрегат
іріктеп бақылау	выборочный контроль
іріктеп кесу	выборочная рубка
іріктеу	выборка
ірің	гной
іріңдеткіш бактерия	гноеродная бактерия
іріндеу	нагноение, нарыв
іріңді безеу, күлдіреуік	пустулу
іріңді несеп	пиурия
іріңді індет	гнойная инфекция
ісек	баран-кастрат двухлетнего возраста; валух
ісек қошқар	некастрированный баран в возрасте 3-х лет
іске қосқыш	пускатель
іске қосу, жүргізу	пуск
іскек	пинцет
іскенжі (аспап)	тиски
ісінген бөрітарақ	вздутый гибискус
ісіну	отек
іш (қарын)	живот
іш өту	диспепсия
іш өту, тышқак	понос
іш сүзегі	брюшной тиф
іш тастау (малда), түсік (адамда)	выкидыш
іш, қарын	чрево
ішек жіп	кетчут
ішек кебу	метеоризм
ішек қабыну	энтерит
ішек таяқшасы (бактерия)	кишечная палочка
ішек түйілу	заворот кишок
ішек-қарын	требушина
ішек-қарын жолы	желудочно-кишечный тракт
ішекті тесу	энтароцентоз
ішектің бітелуі	странгуляция кишок
ішқұрт	глист

ішкі үйкеліс  
ішпек, айгөлек  
ішпек, астар (техн.)  
іштегі төл  
ішті жарып алу  
іші қырлы сепкіш аппарат

внутреннее трение  
подшипник  
баббитовый вкладыш  
эмбрион; плод  
кесарево сечение  
внутреннереберчатый  
высевающий аппарат

## Э

экономикалық тиімділік  
элеватор  
электр бұрғы  
электр жабдықтары  
электр желісі  
электр қозғаушы  
электр қуаты  
электр өткізгіштік  
электр шабықтауыш  
электрлендіру  
электрмен емдеу  
электрмен пісіру, дәнекерлеу  
эрозияға ұшыраған жерлер  
эрозиялық процесс  
эспарцет

экономическая эффективность  
элеватор  
электродрель  
электрооборудование  
электролиния  
электродвигатель  
электричество  
электрическая проводимость;  
электропроводность  
электромотыга  
электрификация  
электролечение  
электросварка  
эрозированные земли  
эрозионный процесс  
эспарцет

# РУССКО-КАЗАХСКИЙ СЛОВАРЬ

## А

аберация	ауытқу
аблактировка	ұластыру
абомазотомия	абомазотомия (жұмыр қарынды тілу)
аборт	іш тастау (малда), түсік (адамда)
абразия	жемірілу
абрикос	өрік, шабдалы
абсорбция	сіңіру
абцесс	бітеу жара
авдотка	отгүл (өсімдік); жылқышы (құс)
авиаопрыскиватель	авиабүріккіш
авиаопыливатель	авиатозаңдатқыш
авиаподкормщик	авиақоректендіргіш
автозагрузчик	автожүктіеуіш
автозаправщик	автоқұйғыш
автокамера	автокамера
автокормовоз	автожемтасығыш
автокормушка	автонауа
автокран	автокөтергіш
автолебедка	автошығыр
автолиния	автожелі
автоматизация	автоматтау
автоматизация полива	жер суаруды автоматтау
автомобилеопрокидыватель	автомобиль- аударғыш

<b>А</b> автомобилеразгрузчик	автомобиль - түсіргіш
автомобиль легкой	жеңіл автомобиль
автоплуг	автосоқа
автопривязь	автобасжіп
автоприцеп	автотіркеме
автостоянка	автотұрақ
автосцепка	автотіркегіш
автотягач	автосүйрегіш
автоцистерна	автоцистерна
агалактия	суалу, сүт шықпау
аграрник	аграршы
агрегат комбинированный	құрама агрегат
агрегат косилочный	шөп шабу агрегаты
агрегат мобильный	жылжымалы агрегат
агрегат сушильно- очистительный	кептіріп-тазарту агрегаты
агрегат универсальный	әмбебап агрегат
агрегат широкозахватный	кең алымды агрегат
агрегатность почвы	топырақтың түйіртпектілігі
агрокомплекс	агрокешен
агрокультура	екпе дақыл; егін өсіру мәдениеті
агрономия	агрономия
агропомощь	агрожәрдем
агropаспорта полей	танаптың агроқұжаты
агросервис	агрономиялық қызмет көрсету
агротехника в опыте	тәжірибедегі агротехника
агроучеба	агрооқу
адаптация	бейімделу
аденома	уытсыз ісік
адонис	жанаргүл
адсорбция	түту
азональность	бейзоналылық
азот	азот
азот связанный	байланысқан азот
азот аммиачный	аммиактық азот
азот перегноя	шірік азоты
азот подвижный	тұрақсыз азот

аист белый  
 аист черный  
 айва  
 акация  
 акведук  
 акклиматизация животных  
 аккумулятор свинцовый  
 аккумулятор щелочной  
 аккумуляция гумуса  
 аккумуляция стока  
 активность почвы  
     биологическая  
 акт на право пользования  
     землей  
 акт половой  
 акушерство  
 алатауская порода крупного  
     рогатого скота  
 аленна  
 алеутская болезнь норок  
 аллергическое свойства  
     гербицидов  
 аллергия  
 аллюры  
  
 алыча  
 амарант  
 амбар  
 амброзия многолетняя  
 амброзия полынолистная  
 амбулатория ветеринарная  
 аминокислоты  
 амнион  
 ампутация  
 анабазис  
 анабиоз  
  
 анализ

ақ ләйлек (күс)  
 қарабай (күс)  
 алқоры  
 қараған  
 сужетек  
 малды жерсіндіру  
 қорғасынды аккумулятор  
 сілтілі аккумулятор  
 карашірікті көбейту  
 ағынды жинақтау  
 топырақтың биологиялық  
     белсенділігі  
 жерді пайдалану құқығының  
     кесімі  
 шағылысу  
 акушерлік  
 алатау сиыры  
  
 гүлжегі  
 күзеннің алеут ауруы  
 гербицидтердің аллергиялық  
     қасиеті  
 аллергия  
 жылқы жүрісінің түрлері  
     (аяндау, желу, жоргалау,  
     шоқырақтау, шабу, қарғу)  
 алша  
 гүлтәжі  
 қойма, қамба  
 көп жылдық ойраншөп  
 жусан жапырақты ойраншөп  
 малдәрігерлік емхана  
 амин қышқылдары  
 қағанак  
 кесу, кесіп тастау  
 итсигек  
 анабиоз (тіршілік белгісін  
     уақытша тоқтату)  
 талдау



- А** анализ дисперсионный  
 анализ кормов  
 анализ почвы  
 гранулометрический  
 аналоги восстановители  
 аналоги стерильные  
 аналоги фертильные  
 анаэробноз  
 ангелек  
 ангина  
 аневризма  
 анемия  
 анестезия  
 анис  
 анкер  
 анкилоз  
 аноптоцефалидозы лошадей  
 антипиретики  
 антитело  
 антитоксины  
  
 антропозоозы  
  
 антропонозы  
  
 анхуза лекарственная  
 аорта  
 апатия  
 аппарат  
 аппарат высевающий  
 аппарат высевающий  
 внутреннереберчатый  
 аппарат высевающий точного  
 высева  
 аппарат высевающий щеточный  
 аппарат высевающий разбросной  
 аппарат высевающий шнековый  
 аппарат газосварочный  
 аппарат молотильный  
 аппарат режущий  
 дисперсиялық талдау  
 жемшөп құрамын талдау  
 топырақты түйірлік талдау  
  
 толықтырушы аналогтер  
 ұрықсыз аналогтер  
 ұрықты аналогтер  
 оттегісіз тіршілік  
 әңгелек  
 баспа  
 тамыр білеуленуі  
 қан аздық  
 жансыздану  
 анис  
 қарнақы (техн.)  
 шорбуын, шораяқ  
 жылқының таспа құрттары  
 дене қызуын басатын дәрілер  
 антидене  
 уытқайырғыштар,  
 уытжойғыштар  
 адамнан малға жұғатын  
 аурулар  
 адамға ғана тән жұқпалы  
 аурулар  
 дәрілік өгізтіл  
 қолқа (анат.)  
 мең-зең, селқостық  
 аспап, құрал, аппарат  
 сепкіш құрал  
 іші қырлы сепкіш құрал  
  
 дәлдеп сепкіш құрал  
  
 сыпыра сепкіш құрал  
 шашып сепкіш құрал  
 иірлікті сепкіш құрал  
 газбен дәнекерлеуші құрал  
 бастырғыш құрал  
 кескіш құрал

аппарат туковысевающий	тыңайтқыш сепкіш құрал
аппендицит	соқырішек қабынуы
аппетит	тәбет
апробация	анықтау; сынықтан өткізу
апробация породы скота	малдың тұқымдық сапасын анықтау
аптека ветеринарная	малдәрігерлік дәріхана
арахис земляной	жержаңғақ
арбуз	қарбыз
ареколин	ареколин (иттің құтыруына қарсы дәрі)
аренда	жалға беру
аритмия сердца	жүрек ырғақсыздығы
аромат	хош иіс
артерия	күре тамыр
артишок	бөрікгүл
архар	арқар (ұрғашысы); құлжа (еркегі)
архаро меринос казахский	қазақтың архар-мериносы
ассафетида	кеурек (өсімдік)
аскарида	жұмырқұрт
аскомицет	қалталы саңырауқұлақ
аскоспора	қалтаспора
аскохитоз гороха	бұршақ кеселі
асперуга	жабысқақ
астма	демікпе
астра	ақкекіре, кашқаргүл
астрагал	таспашөп, сеңгірлек
асфикция	түншығу
асцит	шемен, бөсір
атайка	сары ала қаз
атакция	тәлтіректеу
атбасарка	атбасарлық саяқ шегіртке
ателектаз	солу
атеросклероз	мидың тозуы, мидың қалжырауы
атлант	ауызомыртқа (анат.)
атония	өлсіреу, босаңсу
атрофия	сему

аулиеатинская порода  
крупного рогатого скота  
ауески болезнь, ложное бешенство  
афта  
ахиллово сухожилие  
аэрация воды  
аэрация почвы  
аэросев  
аэротерапия  
аэрофагия

бабашка  
бабка  
бабочки дневные  
багульник  
бадан  
бадыла (бадылка, бадылы)

бадья  
база производственная  
базедова болезнь  
базилик  
байбак  
байда  
бак отстойник  
бак топливный  
баклажан  
баклан  
бактериоз слизистый  
бактериоз сосудистый  
бактерионосительство

бактерия ацедофильная  
бактерия гнилостная  
бактерия гноеродная  
бактерия кислотоустойчивая  
бактерия клубеньковая  
бактерия почвы

әулиеата сиыры  
ауески ауруы, жалған кұтыру  
күлдірек жара  
қасық тарамыс (анат.)  
суды ауаландыру  
топырақты ауаландыру  
әуелеп себу  
ауамен емдеу  
аэрофагия (өңеш арқылы ауа  
жүту)

қалтқы  
бақай; асық  
күндізгі көбелек  
қазанақ (өсімдік)  
шағыр (өсімдік)  
темекі сабағы; пая (өсімдік  
сабағы); шінгірік (жүтері сабағы)  
қауға  
ондірістік база  
бақшаңкөз кеселі  
насыбайгүл  
боз суыр (ан)  
шытыршық  
тұндырғыш ыдыс  
жанармай ыдысы  
баялды  
карақаз (күс)  
шырышты бактериоз  
түтікті бактериоз  
бактерияны  
тасымалдаушылық  
сілтілік бактерия  
шіріткіш бактерия  
іріндеткіш бактерия  
қышқылға төзімді бактерия  
түйін бактерия  
топырақтағы бактерия

бактерия термофильная	жылу сүйгіш бактерия
баланс	теңгерім
баланс почвы водный	топырақтың су теңгерімі
баланс тепловой	жылулық теңгерім
балансир	теңгергіш
балансировка	теңгеру
балка	арқалық; сай
балобан	ителгі
бальзамина	қынагүл (өсімдік)
бандаж	белбеу, құрсау, бандаж
бар	жал
бар песчаный	күмды жал
бар устьевой	сағалық жал
барабан	барабан (техн.); дабыл
баран	қошқар
баран в возрасте 1,5 года	қошқар
баран-кастрат двухлетнего возраста	ісек
баран некастрированный в возрасте 3-х лет	ісек қошқар
баран кастрированный в возрасте 6—7 лет	азбан қошқар
баран-производитель	тұқымдық қошқар
баран-пробник	күйек қошқар
баранина	қой еті
баранчик	еркек қозы; тоқты қошқар
барашек	қозы; қозы терісі
барбарис	бөріқарақат, зерек, сарыағаш
барботирование	тұқымды ауамен қанықтыру
барда	төп
барс	барыс
барсук	борсық (аң)
бассейн	хауыз; әуіт; алап
бассейн реки	өзен алабы
батат	тәтті картоп
бахромчатокрылые	шашақ қанаттылар
бахча	бақша
бахчеводство	бақша шаруашылығы

бачок	кішкентай бак
башмак	шақай (техн.)
башня водонапорная	су мұнарасы
бега	жаяу жарыс; бәйге
бегемот	сусиыр
бегун	жек, жорға дуадақ; жүйрік
бегунок	жүгірткі
бедро	сан (анат.)
безвременник	лапыз (өсімдік)
бездонка	ойма ұя (бал арасы)
беззубый	кетік
безопасность пожарная	өрт қауіпсіздігі
безостый	қылтанақсыз
безотказность двигателя	қозғалтқыштың
	мүдірмеушілігі
безличина	қажалған тері
бекас	таукүдірет (құс)
бекмания	субидайық (өсімдік)
бекон	қақталған шошқа еті
белена	мендуана
белесый	бозғылт
белка	ақтиін (аң)
белогривый	ақ жал
белогрудый	ақ төс
белоколосица, пустоколосица	бос масақтық
белокрылки	аққанаттылар
белорыбица	ақ балық
белоус	аққылтан (өсімдік)
белуга	қортпа
бель початков кукурузы	жүгері собығының ақ ауруы
бельдога	тарлан балық
бельмо	ноғала, ақ (көзге түскен ақ)
беянка горчичная	қыша ақ көбелегі
бензовоз	бензинтасығыш
бензоколонка	бензинқұйғыш
бензорез	бензинкескіш
берег	жаға
береза	қайың
беременность	буаздық

беркут	бүркіт
бескиловые	қырсызтөстілер (жануарлар)
бескильница	ақмамық
бескормица	жүт
беспалый	саусақсыз
бесплодие	бедеулік, ұрпақсыздық
беспозвоночные	омыртқасыздар (жануарлар)
бесполоый	жыныссыз
бессеменный	дәнсіз
бессмертник	шөпшай, салаубас (өсімдік)
бесступенчатый	сатысыз
бесхвостый	күйрықсыз
бесхордовые	хордасыз жәндіктер
бесчерепные	бассүйексіздер (жануарлар)
бесшерстный	жүнсіз, түксіз
бешенство	күтыру; қағыну
бешеный	күтырған
бивни	сойдақ тістер (анат.)
биение	соғу
биение вала	біліктің соғуы
било	сабау, үргы (техн.)
биогурус	жауынкүрт күмалағы
биокомбинат	биокомбинат
биологическая рекультивация почвы	топырақты биологиялық қайта жырту
биологическая фиксация азота	азотты биологиялық түту
биологическая ценность корма	жемшөптің биологиялық құндылығы
биомасса	биожиянтық
биопрепараты	биологиялық дәрмектер
биосреда	биоорта
бирка	ен сырға
бирючина	қына ағаш
бич	шыбыртқы
благоустройство лесов	орманды коркейту
бластомикоз	бластомикоз, мандам
блеклый	солгын
блефарит	көз қабығының қабынуы

блеяние	маңырау
блок	шығыр
блокиратор	матауыш
блоха	бүрге
блошки хлебные	астық бүргесі
бобр	күндыз, қама
бобр болотный	батпақ күндыз
богара	тәлімі жер (қолдан суарылмайтын жер)
бобышка	бобешік (техн.)
богомол	дәуіт
бодать	сүзу
бодливый	сүзеген
бодяк, осот розовый	қалуен
божья коровка	қанқызы
бойня	қасапхана
бок	бүйір; қаптал
боковина	қапталдық
боковина белужья	қорытпа сүбесі
боковина копнителя	шөмелелегіштің бүйірі
болванка	дөңбек
болезни внутренние незаразные	жүкпайтын ішкі аурулар
болезни заразные	жүкпалы аурулар
болезни карантинные	карантинді аурулар
болезни растений инфекционные	өсімдіктің жүкпалы аурулары
болезни растений неинфекционные	өсімдіктің жүкпайтын аурулары
болезнетворность	ауру жүктырғыштық
болезнь	ауру, кесел, дерт, індет
болезнь случная	қарақаптал, киенкі
болезнь сыворочная	сарысу індеті
болеутоляющий	ауру басқыш
болотник	саздақшөп
болото	батпақ
болт	бұранда
болт анкерный	қарнак бұранда
болтушка	быламық

бондарить	бөшке жасау, күбі жасау
бонитет	баға, бонитет
бонитет насаждения	екпе ағаш бонитеті
бонитировка почв	топырақты бағалау
бор	қарағайлы тоғай
борец	уқорғасын; балуан; күрескер
боров	ызбот (бойдақ шошқа; азбан шошқа)
бородач	бозшағыл (өсімдік); сақалта (күс)
бородовая	сүйел
бородка пера	пәр, қауырсын қылтанағы
бородок	тескіш
борозда, бороздка	қарық, атыз, сал
борозда вводная	оқ қарық
борозда межевая	аралық қарық
борозда разъемная	теліме қарық
бороздка зерна	дән жырашығы
бороздование	қарық тарту, қарық жүргізу
бороздомер	қарық өлшегіш
бороздорез	қарық тілгіш
борозды контрольные	бақылау қарықтары
борона	тырма
борона дисковая	делегейлі тырма
боронование ранее весеннее	ерте көктемде тырмалау
борт	ернеу
борштанга	қырнап кескіш
борщевик	балдырған, аю балдырған
боры ленточные	орманды жалдар
ботаника	өсімдіктану
ботва	пәлек; жапырақ-сабақ
ботвоотделитель	пөлек ажыратқыш
ботворез	пәлек кескіш
ботвособиратель	пөлек жинағыш
ботулизм	қатты улану
боярышник, боярка	долана (ағаш яки бұта)
боярышница	долана көбелек
брага	боза
бражник молочайный	сүттіген көбелек



брак	жарамсыз; неке
браковка животных	малды тазалау
бревно	бөрене
брекчия	сынық тастар шоғыры
брикетирование кормов	жемшөпті брикеттеу
брикеты кормовые	жемшоп брикеті
бритва	отауыш; ұстара
бричка	арба
бродячий	кезбе
брожение	ашу, ашыту
бройлер	еттік балапан
бронхит	кеңірдек кесел
бронхопневмония	кеңірдек кабыну
брунец, софора	есекмия
брус	білеу; кайрак
брус пальцевый	саусақты білеу
брусника	итбүлдірген, кызамык
брусок	кайрак
бруцелла	бруцелла
бруцеллез	бруцеллез
брыжейка	шажырқай (анат.)
брыкать	артқы аяқпен тебу, тарпу
брыкливый	тебеген
брынза	брынза
брюква	тарна
брюхо, брюшко	күрсак
брюшина	күрсак көк еті
бузина	аю бадам
буйвол	кодас, енеке
буйволица	үрғашы кодас
бук	шамшат
букарка	инетүмсық (жәндік)
букет	гүлшок
буксир	сүйрегіш
буксование	тайғанау, тайғанақтау;
	тұралау, малтығу; үйелеу
бульдозер	тегістеуіш машина
бункер	шанақ
бур почвенный	топырақ бұрғы

бурачок	шытыр (өсімдік)
бурав	бұрғы (қол бұрғы)
бурение	бұрғылау; тесу
бури пыльные	шанды дауыл
бурозем, почва бурая	қоңыр топырақ
буродержатель	бұрғы ұстағыш
буртик	буылтық (техн.)
буртоукладчик	үймелеуіш
бурундук	алатышқан
бурьян	қурай, боян
бутанизация	шанақтау
бык, бугай	бұқа
бык в возрасте 5 лет	бесті бұқа
бык-кастрат в возрасте 1 года	тайөгіз (еркек тайынша)
бык-кастрат в возрасте старше 2-х лет	өгіз
бык-кастрат в возрасте 6—7 лет	азбан өгіз
бык (не кастрированный) в возрасте 6—7 лет	азбан бұқа
быстроток	тез ағын
бычок	еркек бұзау, еркек баспак
бычок в возрасте 2—2,5 лет	құнан бұқа
бычок в возрасте 3—3,5 лет	донен бұқа
бычок в возрасте старше 6 месяцев	бұқашық
бычок годовалый	тайынша бұқа
бычок, не достигший одного года	кенжетайынша бұқа
бычок-кастрат в возрасте старше 1 года	өгізше
<b>В</b>	
вагина	қынап
вагинит	мүйізгек (ауру)
вади	күрғак арна
вайда	шытыршық
вакцинация	вакцинациялау
вакцины антирабические	күтыруға қарсы вакциналар

В

вал	білік
вал водозадерживающий	су тоқтатқыш жал
вал гребенчатый	тарақты білік
вал гребной	есу білігі
вал коленчатый	иінді білік
вал кулачковый	жұдырықша білік
вал передаточный	беріліс білігі
вал тормозной	тежегіш білік
вал щеточный	тазартқыш білік
валежник	ағаш қалдығы; шөпшек
валик чековый	атыз жалы
валки	дестелер
валкователь	жал жасауыш
валун	қойтас
валух	ісек
вальцовка	жұқарту
ванна	былау
ванна купочная	тоғытпа
вар садовый	бақ нұмы
варенье	тосап
варок	жайдақ қора, ашық қора
василек	ботакөз, гүлкекіре
вата	мақта
введение севооборота	ауыспалы егісті енгізу
ввертыш	бұранда тығын
ведьмины метла	мыстаншашак (өсімдік ауруы)
везикула	күлдірек, күлкілдеу
вейник	айрауық
веко	қабақ
вена воротная	қақпа көк тамыры
вена шпорная	тебінгілік көк тамыр
венец	тәж
венец зубчатый	тісті тәж
вентиль	шұра (техн.)
вентилятор	желдеткіш
вентилятор активный	екпіндете желдеткіш
вентрикулоэктомия	көмей қалтасын сылу
венчик копыта	тұяқ жұлығы

венчик цветка	гүл күлтесі
вербена	нарқайсар
верблюд	түйе
верблюд двугорбый, бактриан	айыр түйе (қос өркешті)
верблюд холощенный в возрасте 5 лет	атан
верблюдица бактриана в возрасте старше 2-х лет	іңгеншік
верблюдица бактриана старше в возрасте 3-х лет	іңгенше
верблюдица беременная	қайымал іңген, қайымалша
верблюдица в возрасте 3—4 лет	атанша
верблюдица в возрасте 4-х лет	дөнен іңген
верблюдица в возрасте старше 2-х лет	құнанша
верблюдица одногорбовая в возрасте 5 лет	іңген, аруана
верблюдица старая	кейуана
верблюдица чистокровная бак- триана в возрасте старше 5 лет	жампоз іңген
верблюдица-двухлетка	бұзбаша
верблюд-кастрат в возрасте старше 5 лет	жампоз атан
верблюдовод	түйеші
верблюдоводство	түйе шаруашылығы
верблюд-производитель моло- дой в возрасте 4-х лет	буыршын
верблюд-самец одногорбый в возрасте 5 лет	бура, үлек
верблюжатица	түйе еті
верблюжонок	бота
верблюжонок годовалый	тайлак
верблюжья колючка	жантак
веретено	ұршык
вес убойный	сойыс салмағы
весла	ескек
весновспашка	көктемгі жер жыртыс
весы	таразы
ветви полускелетные	шала сойдиган бұтақтар

ветвление	бұтақтану
ветвь	бұтақ, тармақ
ветвь скелетная	сойдиган бұтақтар
ветер	жел
ветеринар	мал дәрігері
ветка букетная	шоқ бүршікті бұтақша
ветроводоподъемник	желмен су көтергіш
вертлюг	үршықбас (анат.)
вертячка	айналма, тентек (кой ауруы)
верховодка	ызат су
верховой	салт атты
вес	салмақ
вес объемный	көлемдік салмақ
вешала	салма
вещества адсорбируемые	тұтылатын заттар
вещества воднорастворимые	суда ерімтал заттар
вещества гумусовые	қарашірінділік заттар
вещества зольные	күлдік заттар
вещества питательные	жылжымалы қоректік заттар
подвижные	
вещества питательные	жұғымды қоректік заттар
усвояемые	
вещество белковое	белокты зат
вещество белое	ақ зат
веялка	қауыз суырғыш
веяние	суыру
взбалтывание	шайқау
взвесь	жүзінді
взмет пласта	қыртысты айыру
взрыхление	қопсыту
взятие крови	қан алу
вибратор	дірілдеткіш
вивисекция	вивисекция (тірідей сою)
вид почвы	топырақ түрі
вид реликтовый	көне түр, байырғы, ежелгі түр
виды севооборотов	ауыспалы егіс түрлері
визикула	күлдіреуік
вика	сиыржоңышқа
вилка	аша; шанышқы

вилка мерная	өлшеуіш айырша
вилка нагрузочная	жүктеме ашасы
вилочка	айыршық
вилт	солыма (өсімдік ауруы)
вилы	айыр
виноград	жүзім
виноградарство	жүзім шаруашылығы
виноградник	жүзімдік
виноградохранилище	жүзім қоймасы
виноделие	шарап жасау
винт	бұрама
винт шнека	иірлікті білік бұрамасы
вирулентность	уыттылық
вирус фильтрующийся	сүзінді вирус
вирусоносительство	вирус тасушылық
виток	орам
вихрь	күйын
вишня	шие
вкладыш баббитовый	ішпек, астар (техн.)
вкус	дәм
влага доступная	жетімді ылғал
влага недоступная	жетімсіз ылғал
влага почвенная	топырақ ылғалы
влага усвояемая	сіңімді ылғал
влагалище	қынап
влагалище листовое	жапырақ қынабы
влагоемкость полевая	танаптың ылғал сыйымдылығы
влагозарядка почвы	топырақты ылғалға қандыру
влагомер	ылғал өлшеуіш
влагонакопление	ылғал жию
влагонасыщенность почвы	топырақтың ылғалға қанығуы
влагообеспеченность посева	егістің сумен қамтылуы
влагоотделитель	ылғал бөлгіш
влажность воздуха	ауа ылғалдылығы
власоеды	жүнжегі
вобла	қаракоз (балық)
вода дистиллированная	тазартылған су
вода жесткая	кермек су

- вода питьевая  
 вода пресная  
 вода соленая  
 водило  
 водитель  
 водобой  
 водовод  
 водоворот  
 водоем  
 водокачка  
 водолюб  
 водообеспечение  
 водоотделитель  
 водоотстойник  
 водоохранные лесные насаждения  
 водоподъемник  
 водоподъемник ленточный  
 водоподъемник шнуровой  
 водопой  
 водопотребление  
 водоприемник  
 водоросль  
 водосброс  
 водосброс сифонный  
 водосброс трубчатый  
 водосброс шахтный  
 водоупор  
 водохранилище  
 воды артезианские  
 воды безнапорные  
 воды внешние  
 воды грунтовые  
 воды поверхностные  
 воды подземные  
 воды сточные  
 водянка  
 вожжи  
 возбудитель болезни  
 ауыз су  
 тұщы су  
 тұзды су  
 жетек  
 жүргізуші  
 су тежеуші  
 су таратушы, су беруші  
 иірім  
 тоған  
 су айдауыш, су тартқыш  
 сушы қоңыз  
 сумен қамтамасыздандыру  
 су айырғы  
 су тұндырғы  
 ылғал сақтағыш екпе ағаш  
 су тартқыш  
 таспалы су тартқыш  
 баулы су тартқыш  
 суат  
 су пайдалану  
 су қабылдағыш  
 балдыр  
 су қашыртқы  
 түтікше су қашыртқы  
 құбырлы су қашыртқы  
 шахталы су қашыртқы  
 сутірек  
 су бөгені, су қоймасы  
 артезиан суы  
 қысымсыз су  
 қызыл су  
 ыза суы  
 жер үсті суы  
 жер асты суы  
 сарқын су  
 шемен, бөсір  
 божы, делбе  
 ауру қоздырғыш

воздух разреженный	сиретілген ауа
воздуходувка	ауа үрлеуіш
воздухонагреватель	ауа жылытқыш
воздухообмен	ауа алмасу
воздухоочиститель	ауа тазартқыш
воздухораспределитель	ауа таратқыш
воздухосборник	ауажияр
возобновление леса	орманның қайта түлеуі
возраст	жас
возраст рубки	кесілу жасы
возраст древостоя	сүрекдің жасы
возраст лесных культур	екпе орман жасы
возраст случной	шағылыс жасы
войлок	киіз
вол полновозрастный	атан өгіз
волдырь	күлдіреу
волдырь грудной	омырау ісігі
волик	өгізше
волк	қасқыр
волк красный	шиебөрі
волокно хлопковое	мақта талшығы
волокно льняное	зығыр талшығы
волокуша	ысырма, сүйретпе
волос конский	жылқы қылы
волос мертвый	өлі қылшық
волоснец	қияқ
волоснец ситниковый	тарлау қияқ
волосок	түк
волчица	қаншық қасқыр
волчонок	бөлтірік
вольера	тор қоршау
воробейник	торғайшөп
ворон	құзғын
воронец	қарғашөп
вороной	қара (мал түсі)
воронка	күйғы
ворот	шығыр
ворота	қакпа
вороток	бұрау



**В**

ворох	қопсық
ворошитель	қопсытқыш
воск	балауыз
воспаление	қабыну
восприимчивость	шалдыққыштық
воспроизводство стада	табынды өз төлінен өсіру
вошь	бит
вошь головная	қара бит (бас биті)
вошь лобковая (плащица)	шат биті
вошь платяная	ақ бит (киім биті)
впитывание	сіңіру
впрыск	бұрку
вредители амбарные	қамба зиянкестері
вредители зерновых культур	астық дақылдары зиянкестері
вредители корневые	тамыр зиянкестері
вредители плодов и семян	жемістер мен тұқым зиянкестері
вредители стволовые	дің зиянкестері
вредоносность сорняков	арамшөптердің зияндылығы
время плодоношения	жеміс салу мерзімі
вруб	ұңғы
вскрытие	сою, ашу, жару
вскрытие трупов	өлексені сою
вспашка	жер жырту
вспашка безотвальная	қайырмасыз жырту
вспашка весенняя	көктемгі жырту
вспашка вразвал	қаусыра жырту
вспашка всвал	ортасынан айыра жырту
вспашка глубокая	терең жырту
вспашка глубокая осенняя	күзгі терең жырту
вспашка гребнистая	жалды жырту
вспашка двухъярусная	қос қабаттап жырту
вспашка загонная	қолаттап жыртыс
вспашка зяблевая	сүдігер жыртыс
вспашка круговая	айналдыра жырту
вспашка культурная	мәдени жырту
вспашка мелкая	таяз жырту
вспашка отвальная	аудары жырту
вспашка плантажная	үңгі жырту

вспашка поперек склона  
 вспашка с почвоуглублителем  
 вспышка инфекционной  
 болезни  
 встряхиватель  
 всходы  
 всходы сорняков  
 вторичная инфекция  
 втулка  
 вульва  
 выборка  
 выветривание  
 вывих  
 выводимость яиц  
 выводка животных  
 выводок  
 выгонка растений  
 выдел таксационный  
 выделение  
 выдра  
 выделка  
 выездка  
 выемка  
 выемка семян  
 выжеребка  
 выживаемость  
 выжигание сорняков  
 выжималка  
 вызревание  
 выкидыш  
 выкидыш заразный  
 выклинование  
 выключатель  
 выкопка сеянцев  
 выкорчевывание  
 вымерзание растений  
 вымокание посева, вымочка  
 вымораживание сорняков

беткейді көлденең жырту  
 терендеткішпен жырту  
 жұқпалы аурудың тұтануы

сіліккіш  
 өскін  
 арамшөп өскіні  
 қайталама індет  
 күпшек  
 сарпай  
 іріктеу  
 мүжілу  
 буын шығу, буын таю  
 балапан шығару  
 мал көрмесі  
 ұялас балапан  
 өсімдікті ерте көктету  
 таксациялық телім  
 шығынды  
 кәмшат, қама  
 өңдеу, илеу  
 жылқы үйрету, бас білдіру  
 ойынды, қазынды, ойық  
 тұқымды бөліп алу  
 құлындау, құлындату  
 өміршендік, тіршілікке  
 қабілеттілік  
 арамшөптерді өртеу  
 сыққыш  
 пісу  
 іш тастау; түсік  
 қызылшу  
 сызашық  
 ажыратқыш  
 себінділерді қазу  
 тамырымен қопару  
 өсімдіктердің үсуі  
 егістің суда тұншығуы  
 арамшөптерді үсіту

вымывание почвы  
 вымя  
 вымя ассимметричное  
 вымя бедренное  
 выпадение матки  
 выпас  
 выпас зимний  
 выпирание посева  
 выполоть  
 выпот  
 выпревание посева  
 выпрямитель  
 выпь  
 выравнивание почвы  
 выравниватель  
 выращивание молодняка  
 вырезка шипа  
 вырождение картофеля  
 выросток  
 вырубка  
 высота среза  
 выход в трубку  
 выход мяса  
 выход семян  
 выход сеянцев  
 выход чистой шерсти  
 выхухоль  
 вычесывание корней  
 выщелачивание почвы  
 выщипи на ушах  
 вяз  
 вяление  
 вяление травы

топырақтың шайылуы  
 желін  
 қисық желін, жарты желін  
 саба желін, сандық желін  
 жатырдың түсуі  
 жайылым, өріс  
 қысқы өріс  
 егістің дүмпуі  
 отау  
 жалқаяк  
 егістің борсуы, егіс жұты  
 түзеткіш  
 әуілдек  
 топырақты тегістеу  
 жаймалауыш  
 төл өсіру  
 тұқымды шырпу  
 картоптың азғындауы  
 шөншік  
 ағашы кесіліп кеткен жер  
 қию биіктігі  
 түтіктеніп өсу  
 таза ет шығымы  
 тұқымның шығымдылығы  
 себінділер шығымы  
 таза жүн түсімі  
 жұпартышқан  
 түбірлерді қазып алу  
 топырақты сілтісіздендіру  
 құлаққа ен салу  
 шегіршін  
 қақтау  
 шөпті дегдіту

**Г**

газон  
 газообмен почвенный  
 гайка  
 гайковерт

көгал  
 топырақтың газ алмасуы  
 бұранда  
 бұрағыш

